«Балалар кітапханасы» жобасы аясында, «Бір ел – бір кітап — 2024» республикалық акциясы шеңберінде қазақ прозасына өзгеше өрнек, терең мазмұн әкелген көрнекті жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында мектеп-лицейімізде іс-шара ұйымдастырылды. **Аталған акция** аясында жазушының әлемге танымал туындысы – «Менің атым Қожа» повесін кеңінен насихаттау, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру әрі рухани дүниесін байыту мақсатында 5-сынып оқушылары арасында сахналық қойылым өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DC3VNI8s_61/?igsh=bzZzaGFycmR0bHNv

Мектеп кітапханасынан 10 минуттық үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қызықты әдеби шығармалар, ертегілер мен өлең кітаптарын алып оқиды.Білім алушылардың кітап оқу құзыреттілігін арттыру, кітап әлемі туралы танымын кеңейту, ізденужәне зерттеу қабілеттерін дамыту. Ертегі мазмұны арқылы балалардың қызығушылығын оятып, шығармашылық ізденіске жетелеу, көркемдік талғамын қалыптастыру, шығармашылық қиялы мен ойлау кеңістігін дамыту. Сонымен қатар, сөздік қорын байыту және кітап оқуды насихаттау

арқылы оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.
Әр оқушы өзіне ұнаған ертегі кітабын оқып, мазмұны бойынша ой бөліседі.








https://www.instagram.com/p/DGnN_qdMISE/?igsh=bmtrYXMzYWFoenVk

Күзгі демалыс кезінде мектеп кітапханасында бастауыш сынып оқушыларына арналған «Демалыста кітап оқимыз» атты оқу сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар өздерінің сүйікті кітаптарын оқып, жаңа ертегілермен және шытырман оқиғалармен танысты. Ертегілерді дауыстап оқу, мазмұны бойынша ой бөлісу арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігі арта түсті. Оқу сағаты оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.  Оқушылардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақытын тиімді ұйымдастыру, кітап арқылы қиял әлеміне ұмытылмас топсаяхат жасауды мақсат ету.





**Мақсаты:** Кітап оқуға ата-аналар арқылы оқушыларды да тарту, көркем әдебиет арқылы ойды нақты әрі көркем жеткізуге машықтандыру. Қыз тағдыры бейнеленген шығармалар арқылы оқушылардың таным көкжиегін кеңейту, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді бойға сіңіре отырып, қыз баланы болашақ ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру.
Іс-шара «Қыз Жібек» клубымен және Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімлер кітапханасымен бірлесе отырып өткізілді. Әдеби кеште «Ақбілек» романы, «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ұлпан», «Тауқымет»атты  шығармалар талқыланып, қыз тағдырына қатысты сыр шертілді. Оқушылар мен ата-аналар арасында ой бөлісу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Әйел бейнесі – қоғам бейнесі» атты кітап көрмесіне шолу жасалды. Көрмеде қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі көрініс тапқан шығармалар мен тұлғалар таныстырылып, оқырмандар назарына ұсынылды.




https://www.instagram.com/p/DDYwnW6MxDZ/?igsh=MXQxbTRxNGc2ZTV6MQ==

**Кештің мақсаты** Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұраларының өміршеңдігін ұғындыру. Оқушылардың эстетикалық сезімін ояту, көркем сөз оқу шеберліктерін арттыру.Туған халқымыздың әдебиетін тереңірек тануға, оны сүюге, қадірлей білуге дағыландыру. 📚 Әбіш Кекілбайұлы – сан қырлы талант иесі. Ол – драматург, ақын, аудармашы, сыншы, көсемсөзші. Проза, поэзия, аударма, драматургия, сын, көсемсөз, шешенсөз жанрлары бойынша қазақ әдебиеті мен мәдениетіне үлкен олжа салып, өлшеусіз еңбек етті. Сонымен қатар Әбіш Кекілбайұлы – саясат саласында да елеулі еңбек сіңірген қайраткер.

Классик қаламгер қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді.





https://www.instagram.com/p/DDYvD1Ts2Ki/?igsh=MXdzOXN1aG9mNXExcw==

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп кітапханасында оқу сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында сынып жетекшілерімен бірге оқушылар 20 минуттық үзіліс уақытында кітапханаға барып, қызықты әдеби шығармаларды оқыды. Оқу барысында балалар көркем әдебиеттермен танысып, кітап оқу арқылы рухани байлықтарын арттырды. Сынып жетекшілері оқушыларға бағыт-бағдар беріп, кітаппен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оқушылардың оқу мәдениетін дамыту.





**https://www.instagram.com/p/DDEm4qis9Mx/?igsh=YmpxczBmOWhoaWJn**

«Тәуелсіздік ұлттық өрлеудің – ұлы күші» атты кітап көрмеге ұйымдастырылып 6-7 сынып білім алушыларының аралығында библиографиялық шолу өткізілді.

**Мақсаты:** Тәуелсіз еліміздің шежіресімен таныстыру, оқушының бойына ұлтт ұлттық рухты, патриоттық сезімді ұялату, туып өскен жерін, елін, Отанын перзенттік сезіммен шексіз сүйе білуге бағдар беру. Отан алдындағы борышын мақтанышпен жеткізіп, сезіне білу, қасиетті тілімізді қолдайтын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Жеке тұлғаның дүниетанымдылығының, іздеізденімпаздылығының, шығарма- шылық қабілетінің дамуына ықпал ету.





https://www.instagram.com/reel/DDhj9xPsVJg/?igsh=MW4ya25xczR1cnczag

Қысқы демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу мақсатында мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен бастауыш сынып білім алушыларымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» тақырыбында әдеби айдар өткізілді. Шара барысында «Әжемнің ертегісі» айдары енгізіліп, оқушылар ата-аналарымен бірге ертегілер оқып, мазмұнымен танысты.
Мақсаты: Қысқы демалыс уақытын мазмұнды өткізу; Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру; Ата-анамен бірлескен оқу арқылы оқушылардың таным көкжиегін кеңейту.
https://www.instagram.com/p/DEearTfs_b3/?img_index=1&igsh=a3R1Nmx4czdjdGx

   

"Балалар кітапханасы және Оқуға құштар мектеп жобалары"Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абай даналығы – халық мұрасы» тақырыбында Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін жатқа айту «Өнегелі 15 минут» поэзия минуттары ұйымдастырылды.✨Абайдың дана сөздерін терең түсініп, келер ұрпаққа жол сілтеп, оның мәңгілік мұрасын сақтап қалуға қызмет ету - біздің ортақ мақсатымыз. ✨Ұлы ақынның мәңгілік мұрасын бірге дәріптейміз!

   

https://www.instagram.com/reel/DFe_PFpMCF-/?igsh=MW4wYmF6Y21weDljZA=

Мектеп кітапханасынан 10 минуттық үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қызықты әдеби шығармалар, ертегі кітаптарын минутқа оқиды. БІлім алушылардың кітап оқу құзыреттілігін арттыру, кітап әлемі туралы танымын кеңейту, іздену және зерттеу қабілеттерін дамыту. Ертегі мазмұны арқылы балалардың қызығушылығын оятып, шығармашылық ізденіске жетелеу, көркемдік талғамын қалыптастыру, шығармашылық қиялы мен ойлау кеңістігін дамыту. Сонымен қатар, сөздік қорын байыту және кітап оқуды насихаттау арқылы оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

  

    

https://www.instagram.com/p/DCdjz8cIrlu/?img_index=1&igsh=OTdyM3cwZWF1c2to
Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес, «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобалары аясында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Әр өлеңі – бір әлем» тақырыбында поэзия минуттары ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Мұқағали Мақатаев поэзиясының халық жүрегінен орын алуының мәнін ашу, оның шығармаларының өміршеңдігі мен көркемдік құндылығын таныту. Ақынның поэзиясының музыкалық әуезімен үндесуін көрсету, сөзіне жазылған әндерді көпшілікке ұсыну арқылы әдебиет пен өнерді ұштастыра отырып, оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру.
**Іс-шара барысы:** Мектеп оқушылары поэзия сағатына белсенділікпен қатысты. Олар ақынның жүрек тебірентер өлеңдерін мәнерлеп оқып, Мұқағали шығармалары арқылы туған жерге, анаға, өмірге деген сүйіспеншілікті жеткізе білді.



https://www.instagram.com/reel/DFxkO9pMwaG/?igsh=MW1hNnJmaXB6OWJpeQ==

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы 17-28 ақпан аралығында, 📚 “Балалар кітапханасы” және “Оқуға құштар мектеп” жобалары Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абай даналығы – халық мұрасы» тақырыбында Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін жатқа айту челленджін №38 қазақ орта мектебінен қабыл алып,
№40 жалпы білім беру орта мектебіне жолдаймыз! Абайдың 31-ші қара сөзі.
Абайдың «Өлең сөздің патшасы сөз арасы » өлеңі мәнерлеп оқыды. Абайдың 24-ші қара сөзі.
📚Абайдың дана сөздерін терең түсініп, келер ұрпаққа жол сілтеп, оның мәңгілік мұрасын сақтап қалуға қызмет ету - біздің ортақ мақсатымыз.
📖Ұлы ақынның мәңгілік мұрасын бірге дәріптейміз!



https://www.instagram.com/reel/DGf60q7sA1K/?igsh=ZHgzYmJvcWNwN3Mz

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ертегілер әлемі» кітап оқу акциясы
бойынша 3 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті кітабым»
сынып сағаты өткізілді. Халық ауыз әдебиеті үлгісінің бір түрі – ертегі түрлерін таныстыру. Оқырмандардың кітапханаға қызығушылықтарын арттыру. Оқырмандардың үзіліс кезінде 5 минут кітап оқуға дағдыландыру. Ертегіден, халқымыздың тұрмыс-салтын, әдеп-ғұрыпын, ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, бақыты туралы ойларын көруге болады.Шараға 3г сынып оқушылары үзіліс кезінде оқыған ертегі кітаптарымен ой-бөлісіп, «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегіден қойылым көрсетіп белсенділік танытты.

  

https://www.instagram.com/p/DFZpBSpM-ak/?igsh=MW9sNzk1aXppOWszbQ==

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебіміздің 1 сынып білім алушылары.Кітапхана әлемімен және ережелерімен танысып топсеруен жасады.
Мақсаты: Балалардың кітап оқу құзыреттілігін арттыру бағытында кітапханамен таныстыру,

балалармен бірге Халық ауыз әдебиеті үлгісінің бір түрі – ертегі түрлерін таныстыра отырып ой-бөлісу. Қызықты оқиға, тапқыр кейіпкер және маңызды өмірлік сабақ — ертегі балаларды кітап оқуға жетелейді, ертегі желісімен бөлісіп қана қоймай, оның мазмұны мен кейіпкерінің бейнесін шығармашылықпен жеткізу.







https://www.instagram.com/reel/DE9lvdlshE3/?igsh=dTZqMWlyaWxvNHJz

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын насихаттау мақсатында 6 сынып білім алушыларымен "Ыбырай - ұлы тұлға" әдеби-интеллектуалдық сайыс өткізілді.
Мақсаты: Қазақ халқының алғашқы ұстазы өзіндік орны ерекше Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушылар білімін толықтыру. Өнегелі өлеңдері мен әңгімелерінен үлгі алуға, еліне, халқына, ұлы тұлғаға деген сүйішпеншілігін арттыру. Тіл білімінің негізін салушы, ұлт мақтанышы Ы.Алтынсариннің шығармаларынан ғибрат алу, қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.





**https://www.instagram.com/p/DGIfemfMvW6/?igsh=b25weHF5eWF5bW04**

"Кітап – өмір ұстазы". Сондықтан жас ұрпақ кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. 📚
Біртұтас тәрбие бағдарламасына орай, "Балалар кітапханасы", "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында, кітаптың құдіретін арттырып оқуға деген сүйіспеншілікті ояту мақсатында, республикалық "Шын жүректен кітап сыйла" атты акциясы 4 сыныптар білім алушылары аралығында ұйымдастырылып өткізілді.
📚 **Мақсаты:** Кітаптың құдіретін арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту, өзара сыйластықты қалыптастыру; бір-бірлерімен кітап алмасу; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу; Бір-бірімізге кітап сыйлау арқылы әлем сыйлайық! 📚






https://www.instagram.com/reel/DGAzcMjsrL4/?igsh=ODBienVhenR3YWw0

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебіміздің 3«Б» сынып білім алушылары  үзіліс кезінде шығармашылық ізденіс қалыптастыру, ойлау кеңістігін дамыту, ертегі мазмұнымен қызықтыру, кітап оқуды насихаттау мақсатында  Кітапханадан ертегі, қызықты әдеби кітаптар алып оқыды.
* Оқушы өзіне ұнаған ертегі кітабын оқып, мазмұнымен ой-бөлісу.
***Шарты:*** *Ертегіден үзінді оқылады. Ертегінің атын табу және жалғастырып айту.*





**https://www.instagram.com/p/DGWdHcHsTFy/?igsh=MTV3bThmcnFoZnluZA==**
Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа өнеге»  тақырыбында кітап көрме ұйымдастырылды.
📚 Көрме  негізгі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім - «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні», екінші бөлім - «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа өнеге» деп аталады. Бірінші бөлімде Наурыздың шығу тарихы, жыл басы, жыл қайыру, жыл, ай аттары тәрізді ұлттық құндылықтар туралы әдебиеттер қойылды.  Ал, екінші бөлімде ата-бабамыздың түсінігіндегі «Жаңа жыл», қазақ жерінде ұлыстың ұлы күнін тойлаудағы ұрпақтар сабақтастығының маңызын дәріптейтін «Жеті қазына», «Қазақтың бата-тілек өсиеттері», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Наурызнама», «Ас атасы нан»,  «Қазақ халқының дәстүрлері той-мереке, сауық-сайран», «Жаңа дәстүр жаңа салт», «Салт-дәстүр сөйлейді» сынды кітаптар ұсынылған.





«Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп кітапханасында оқу сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында сынып жетекшілерімен бірге оқушылар 20 минуттық үзіліс уақытында кітапханаға барып, қызықты әдеби шығармаларды оқыды. Оқу барысында балалар көркем әдебиеттермен танысып, кітап оқу арқылы рухани байлықтарын арттырды. Сынып жетекшілері оқушыларға бағыт-бағдар беріп, кітаппен жұмыс істеу

дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.
Іс-шараның негізгі мақсаты – кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оқушылардың оқу мәдениетін дамыту.





https://www.instagram.com/p/DHT3lvEsPLN/?igsh=anFneWhweWNyaDB6

**Мақсаты:** Балалардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Отанды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру. Оқушыларды елін, жерін сүюге, байлығын қорғауға, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.
Ауызша журнал - төрт беттен тұратын тақырып бойынша берілген тапсырмаларды көпшілікке жария ету.





https://www.instagram.com/p/DBvAgaRIagG/?igsh=bnhwY3luZGpwMHRk

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, Қазіргі заманның талабы- білім мен кең дүниетанымдылық екендігін насихаттау мақсатында 9-10 сынып білім алушылар арасында «Ұшқыр ой алаңы» Интеллектуалды танымдық сағаты өткізілді.**Мақсаты:** Оқушылардың болашаққа деген жолын ашу. Білімі мен оза шауып тапқырлығын дәлелдей білетін саналы,жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу. Ойын арқылы оқушылардың білімін арттыру, ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа, бірлесе жұмыс жасауға үйрету.







https://www.instagram.com/reel/DDhj9xPsVJg/?igsh=MW4ya25xczR1cnczag==

**Мақсаты:** Өзінің өмірімен, еңбегімен елге үлгі бола білген Ұстаздың Қазақ педагогикасына қосқан өлшеусіз еңбегін дәріптеу арқылы білім алушыларды ұлтжандылыққа, білімділікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

▧ Өмірін ауыл мектебіне, ауыл балаларына арнаған, есімі үлкен әріппен жазылған ұстаз – Құмаш Нұрғалиевке Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев «Бұл ғажап адамның өмірінің өзі – ерлік, шәкірттерді рухани адамгершілікке тәрбиелеуде, олардың азаматтық болмысын қалыптастыруда ғибратты өнеге», – деп баға берді.

Осы орайда мектеп-лицейімізде Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 7-9 сынып білім алушылары КСРО халық мұғалімі, ағартушы-педагог Құмаш Нұрғалиевтің 100 жылдығына орай «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» тақырыбында эссе жазды.





https://www.instagram.com/p/DIbTRNuMzko/?img_index=2&igsh=MWY5ZHVmemNncG9lcg==

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебіміздің 3«Б» сынып білім алушылары үзіліс кезінде шығармашылық ізденіс қалыптастыру, ойлау кеңістігін дамыту, ертегі мазмұнымен қызықтыру, кітап оқуды насихаттау мақсатында Кітапханадан ертегі, қызықты әдеби кітаптар алып оқыды.

**Мақсаты:**

Кітап әлемі туралы танымын кеңейту. іздену, зерттеу қабілеттерін дамыту. Ертегі мазмұнымен қызықтыру нәтижесінде оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қиялын, ойлау кеңістігін дамыту.Сөздік қорын байыту. Кітап оқуды насихаттау, оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

* Оқушы өзіне ұнаған ертегі кітабын оқып, мазмұнымен ой-бөлісу.








https://www.instagram.com/p/DIbZLZUsNA-/?igsh=MThiZDdob211YWhobg==

14-17 сәуір күндері аралығында мектебімізде "Балалар кітапханасы" және "Оқуға құштар мектеп" жобаларын жүзеге асыру, отбасы оқуларын қолдау және кітап оқу мәдениетін жетілдіру мақсатында білім алушылар өзінің сүйікті шығармасын – ертегілер оқып оқырман назарына ұсынды. (Бейнеролик) Қызықты оқиға, тапқыр кейіпкер және маңызды өмірлік сабақ — осы ертегі балаларды кітап оқуға жетелейді.  білім алушылар ертегі желісімен бөлісіп қана қоймай, оның мазмұны мен кейіпкерінің бейнесін шығармашылықпен жеткізді. Сонымен қатар жарнамалап, өзгелерді де оқуға шақырды.




https://www.instagram.com/reel/DIgJGk1snh-/?igsh=MXF1eDZneDF2NXM1ag==

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Балалар кітапханасы» жобасы және 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай С. Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында қоғам қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қанатбай Елеусізұлымен «Өлке тарихы – ел шежіресі» атты тағылымды кездесу кеші ұйымдастырылды.
Іс-шараның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа туған өлкенің тарихын таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және елге еңбегі сіңген тарихи тұлғалар жайлы мағлұмат беру.

Аталған шараға мектеп-лицейіміздің 10 «Ә» сынып оқушылары қатысып, кештен мол әсер алды. Кездесу барысында Қанатбай Елеусізұлы өзінің өмірлік жолы, ел тарихы мен ұлттық құндылықтар жайлы тағылымды әңгіме өрбітіп, жастардың сауалдарына жан-жақты жауап берді. Қатысушылар өз ой-пікірлерін еркін білдіріп, белсенді пікір алмасуға қатысты.



https://www.instagram.com/p/DIlh96ks7fM/?img_index=1&igsh=MThkaXc0a3h1aWdneQ==

«Ұлттық кітап күні» мерекесіне орай Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасымен бірлесе отырып, мектеп кітапханасында «Оқитын өлке – 2025» облыстық акциясы аясында сатирик-жазушы Үмбетбай Уайдиннің 90 жылдығына арналған «Үмбетбай Уайдиннің әдеп әлемі» атты әдеп сағаты ұйымдастырылды.  Шараның басты мақсаты – оқушыларды әдептілікке баулу, тәрбиелік мәні зор тағылымды ой қалыптастыру, сондай-ақ сатира жанры арқылы жазушының шығармашылығымен таныстыру болды. Іс-шара барысында Үмбетбай Уайдиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мазмұнды мағлұматтар ұсынылып, оқырмандарға оның сатиралық туындылары таныстырылды. Сонымен қатар, «Шындығы шырайлы, дерегі нық» атты кітап көрмесі

ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды.
Шараға 5 «А» сынып оқушылары белсенділікпен қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды, жазушының әдепке баулитын терең мәнді шығармаларынан үзінділер оқып, талдау жасады.






https://www.instagram.com/p/DImah76MqXC/?igsh=MWx3cGl5N2Ria25ydQ==

📖 23 сәуір Ұлттық кітап күнінде және ұлы ақын Абайдың 180 жылдығы қарсаңында Ақтөбеде ерекше шара өтті. Абай гүлзарында облыстық "Кітап әлемі" атты ауқымды шара ұйымдастырылды. Шара аясында"Ұлттық кітап күні – Ұлт мерейі" тақырыбымен кең көлемді кітап көрме ұйымдастырылды..
Көрменің негізгі мақсаты – оқырмандар арасында көрнекті ақын-жазушылардың шығармаларын кеңінен насихаттап, әдебиетке деген қызығушылықты арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.Іс-шараға жергілікті кітапханалар, мектептер мен жоғары оқу орындарының өкілдері, сондай-ақ оқырмандар мен жас әдебиетсүйер қауым белсене қатысты. Мерекелік шара барысында әдеби қойылымдар қойылып, кітаптарға шолу жасалды, авторлық шығармалар оқылып, оқырмандар мен қаламгерлер арасында еркін пікір алмасу өтті.














https://www.instagram.com/reel/DIymg_0oB9f/?igsh=cGg0Nmw3amU2bmE2

https://www.instagram.com/p/DIyKXi6SQQ9/?igsh=MWw0aWozMjE4bWx6Zw==

**Ақтөбе қаласы «№39 қазақ орта жалпы білім беретін орта мектеп – лицейі» КММ 2024 – 2025 оқу жылы бойынша «құқықбұзушылықтың алдын – алу» мақсатында жүргізілген жұмыстардың талдауы**

| № | Мектептің толық атауы | Жыл бойына ата-ана кезекшілігі бойынша қанша ата - ана қатысты? | Құқықтық кеңес өткізілген саны | Кезектен тыс өткізілген құқықтық кеңес саны | Рейд кезекшілігі КТІЖ инспектор мен бірге жүргізілген саны | Рейд кезекшілігі мектеп тарапынан жүргізілген саны | ПБ бірлесе өткізілген және қатысқан іс - шаралар, кездесулер саны | Облыстық білім басқармасы мен бірлесіп және қатысқан іс-шаралар, кездесулер саны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | №39 ҚОЖББ МЛ | 40 | 9 | 2 | 2 | 9 | 9 | 1 |

**«Құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау» мақсатында атқарылған жұмыстар:** 2024 – 2025 оқу жылының 2 – қыркүйек күні мектебіміздің 10 – 11 класс білім алушыларына **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу»** мақсатында Ақтөбе облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Муталиев Қанат Болатұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.






2024 – 2025 оқу жылының 6 – қыркүйек күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Батыргалиев пен мектеп президенті 11 «Ә» класс оқушысы Жандосұлы Ералы мектебіміздің 8 – 9 класс ұлдарына жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз

жағдайлардың  алдын – алу және болдырмау, түнгі уақытта заңды өкілінсіз үйден тыс жерде жүрмеу, мектептің ішкі тәртіп  ережесін бұзбау жөнінде  түсіндірме жұмыстарын жүргізді.






2024 – 2025 оқу жылының 16 – қыркүйек күні мектебіміздің 8 – 9 класс білім алушыларына **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың  алдын – алу»** мақсатында Ақтөбе облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Муталиев Қанат Болатұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.







2024 – 2025 оқу жылының 9 – қыркүйек күні мектебіміздің 4 – 9  класс білім алушылары ***«Жол тәртібін білейік, аман – есен жүрейік»*** акциясына қатысып, жол полиция инспекторымен бірлесе отырып автокөлік жүргізушілеріне ескерту парақтарын таратты.







2024 – 2025 оқу жылының 24 – қазан күні мектебімізде 7-8-9 класс білім алушыларымен **«Буллингтің алдын – алу және болдырмау»** мақсатында №6 қалалық емханасының жалпы тәжірибелік дәрігері Р.Курмангазина мен психолог Ә.Әлиевамен кездесу өткізілді.
**Мақсаты:** «Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын – алу және оны болдырмау туралы, салауатты  өмір салтын қалыптастыру,бос уақытын тиімді пайдалану туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу»





2024 – 2025 оқу жылының 24 – қазан күні мектебімізде 8-9 класс білім алушыларымен **«Нашақорлыққа қарсы күрес»** тақырыбында №6 қалалық емханасының жалпы тәжірибелік дәрігері Р.Курмангазина мен психолог Ә.Әлиевамен кездесу өткізілді.**Мақсаты:** «Жасөспірімдер арасында зиянды заттардың, нашақорлықтың алдын – алу және оны  болдырмау, салауатты өмір салтын қалыптастыру,бос уақытын тиімді пайдалану туралы  түсіндірме жұмыстарын жүргізу»





2024 – 2025 оқу жылының 19 – қараша күні мектебімізде 9 – 10 – 11  класс ер балалары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау» мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме жұмысын жүргізушілер:

1. Батыргалиев Б.К – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Уразалин А.А – директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Алпысбай А.М – «Тәртіп сақшылары» тобының жетекшісі

**Түсіндірме жұмысы барысында** – «түнгі уақытта көшеде жүрмеу», «тыйым салынған заттарды ұстамау, алып жүрмеу», «көшеде топпен жиналмау», «мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау», «сабаққа кешікпеу» мәселелері бойынша сөз қозғалды.





2024 – 2025 оқу жылының 21 – қараша күні мектебімізде Тәжікстан – Ауғаныстан шекарасында әскери борышын орындау барысында ерлікпен қаза тапқан шекарашылар Раджан Батрканов пен полковник Руслан Закиевтің ерліктерін еске алу мақсатында 11 – класс оқушыларына ЕРЛІК сабағы өткізілді. Ерлік сабағына қонаққа Дюсенбаев Толыбай Олжабаевич қатысты. Толыбай Олжабаевич – Таулы Карабах ардагері. Қазір «Ақтөбе облысының «Таулы Карабах ардагерлері Одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Білім алушылар ардагерге өз өнерлерін көрсетті. Ардагерлер өз кезегінде оқушыларға ақыл – кеңестерін беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті.




2024 – 2025 оқу жылының 22 – қараша күні мектебімізде «Bilim Qazyna» КММ – сі Ақтөбе қаласы прокуратурасының 2024 жылғы 18 қарашасындағы №2-03-24-10213 хаты негізінде YouTube

желісіндегі «Закладка» деп аталатын видео ролигі ұсынылды. Білім алушылар арасында құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





2024 – 2025 оқу жылының 29 – қараша күні мектебіміздің 5 – 11 сынып білім алушылары арасында «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 белсенді күн» акциясы аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Түсіндірме жұмысын жүргізушілер:**

1. С.Таяуова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Б.Батыргалиев – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Г.Минаева – мектеп психологі.

Түсіндірме жұмысы барысында білім алушыларға мектептің ішкі тәртіп ережесі, мектеп формасы, сабаққа кешікпеу, бір – бірін мазақ етпеу, буллинг, кибербуллинг тақырыптарында мәліметтер берілді.




Кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау жұмыстарын күшейту мақсатында білім беру ұйымдарында өткізілетін «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» және «Заң және Тәртіп» айлық акциялары іс – шаралар жоспары аясында2024 жылдың 4 желтоқсан күні «№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп – лицейі» КММ – де кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты Ақтөбе облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Муталиев Қанат Болатұлы 7 – 8 – 9 класс ер балаларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында құқықбұзушылыққы жол бермеу, буллинг, түнгі уақыттағы жүріс, сабақтан себепсіз қалмау, сабаққа кешікпеу, тыйым салынған заттарды ұстамау жөнінде мәліметтер беріп, жалпы қала көлемінде болып жатқан қылмыстарға тоқталып түсіндіріп өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Батыргалиев мектеп оқушыларының мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуы, оқушы құқығы мен міндеті, себепсіз сабақтан қалмау және кешікпеу жөнінде түсіндіріп, мектеп формасына қатысты оқушыларға ескерту берілді. «Түнгі қаладағы жасөспірімдер» атты мектеп мұғалімдері мен мектеп инспекторымен бірлесе өткізілетін рейд шаралары өтіп жатқандығы қатаң ескертілді.





2024 – 2025 оқу жылының 10 желтоқсан күні Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Өрт қауіпсіздігі» апталығы барысында мектебіміздің 5-6 сынып білім алушыларына «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Түсіндірме дұмысы барысында:

- Үй жағдайында өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау;
- Отпен ойнамау, шырпы ұстамау;
- Үй жағдайында газбен және электр тұрмыстық заттарымен абай болу;
- Электр тоқтарына кез – келген затты қоспау;
- Өрт кезіндегі қауіпсіздіктер туралы мәліметтер берілді.




2024 – 2025 оқу жылының 24 – желтоқсан күні мектебіміздің 8 – 9 сынып білім алушылары арасында «Еркін демал» челленджі аясында «Темекінің зияны» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түсіндірме барысында – темекінің зияны, оның адам ағзасына төндірер қаупі, болашақта қандай ауруға апаратыны туралы, темекінің құрамындағы зиянды заттар жөнінде түсіндірілді.





2024 – 2025 оқу жылының 10 қаңтар күні жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау жұмыстарын күшейту мақсатында мектебіміздің 5 – 6 – 7 сынып ер балалары арасында «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» акциясы аясында «құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын - алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Түсіндірме жұмысы барысында құқықбұзушылыққа жол бермеу, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу, буллинг, кибербуллинг, биым салынған заттарды ұстамау туралы мәліметтер берілді.Түсіндірме жұмысын жүргізушілер:

1. Батыргалиев Б.К – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Уразалин А.А – директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Таяуова С.Ж – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары




2024 – 2025 оқу жылының 16 қаңтар күні жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау жұмыстарын күшейту мақсатында мектебіміздің 8 – 9 – 10 сынып ер балалары арасында «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» акциясы аясында «құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын - алу» тақырыбында Ақтөбе облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Муталиев Қанат Болатұлымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Түсіндірме жұмысы барысында құқықбұзушылыққа жол бермеу, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, сабақтан себепсіз қалмау, кешікпеу, буллинг, кибербуллинг, тиым салынған заттарды ұстамау туралы мәліметтер берілді. Түсіндірме жұмысын жүргізушілер:

1. Батыргалиев Б.К – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
2. Муталиев Қанат Болатұлы – Ақтөбе облысы Полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі;






2025 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің өңірлік өкілі А.Байдуллинаның бастамасымен, Ақтөбе облысы бойынша Бала құқықтары жөніндегі Уәкіл Н.Төлеуовамен және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен бірлесіп, Ақтөбе қаласы мектептерінің 9 – 11 сынып оқушыларына арналған іс – шара өткізілді.

Дәріс «Бала құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің өңірлік өкілі мен Ақтөбе облысы бойынша Бала құқықтары жөніндегі Уәкілдің өзара іс – қимылы» тақырыбына арналды. Іс – шара барысында балалардың құқықтарына, оларды қорғаудың негізгі тетіктеріне, сондай ақ кәмелетке толмағандардың құқықтарын қамтамасыз ету мен сақтаудағы уәкілетті органдардың рөліне арналған дәріс берілді.Сонымен қатар 2024 жылғы жұмыс қорытындыларына ерекше назар аударылды. Өңірлік Омбудсмендер Ақтөбе облысында қаралған өтініштердің және балалардың құқықтарын қорғаудың сәтті жағдайларының нақты мысалдарымен бөлісті. Кездесу интерактивті түрде өтті: оқушылар сұрақтар қойып, проблемаларға өз көзқарастарымен бөлісті және талқылауға белсенді қатысты.

 

Мектебімізде қаңтар айының 30 – і күні 9 сынып білім алушылары «ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!» тақырыбында челленджге қатысты. **Челлендж мақсаты:** балалардың физикалық, психологиялық және эмоционалдық денсаулығын нығайтуға, оларды кез – келген жаман әдеттерден саналы түрде бас тартуға ынталандыруға, пайдалы іс – шараларға қатысуға тәрбиелеу.

   

https://www.instagram.com/reel/DFdjCJEs_5k/?igsh=MXd6M2Z1ZWNiZDBxMg==

Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Алекенов Рауан Шимкентбайұлы мен учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Кеншиик Бекбол қаңтар айының 31 – і күні мектеп білім алушыларына «құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және болдырмау» мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Түсіндірме жұмысы барысында «түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүру», «топтасып төбелесу», «тыйым салынған заттар», «жолдағы қауіпсіздік» тақырыптарына тоқталып өтті.

 

Мектебімізде ақпан айының 5 – і күні 8 – 10 сынып білім алушыларына «Біз есірткісіз өмірді таңдаймыз» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге қатысқандар:

1. Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс – қимыл басқармасының бөлім бастығы, полиция майоры А.А.Кияшев;
2. Облыстық психикалық денсаулық орталығының нарколог дәрігері Г.Д.Танабергенова;
3. Ақтөбе қаласы №6 қалалық емхана СӨСК маманы Б.Ә.Ділманова;

Кездесу барысында есірткі өнімдерінің түрлері, зияны, тудыратын қауіп – қатері, есірткі өнімін пайдаланушы адамнан білінетін алғашқы белгілері, есірткі өнімін таратушы закладчиктер туралы және оларға заң тарапынан тағылатын жазалар жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кездесу кезінде слайдтар, видео роликтер қолданылды.

Кездесу соңы сұрақ – жауапқа жалғасып, білім алушылар көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, толыққанды жауаптарын алды.




https://www.instagram.com/p/DFuBYlYIVPI/?igsh=NTd5MDIzcmJzeWZk

2024 – 2025 оқу жылының 12 – ақпан күні мектебімізде 8-10 класс білім алушыларына «Деструктивті діни ағымдарға иммунитет қалыптастыру» тақырыбында кездесу өткізілді.
Кездесуге қатысқандар:

1. «Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының» сектор меңгерушісі – Канафия Айгуль Салимгереевна;
2. «Ақтөбе қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының» психологі – Тулепбергенов Тимур Тайбекович;

Кездесу барысында деструктивті діни ағымдардан сақтану, діни экстремизм мен терроризмнің белгілері және оны болдырмау, әлеуметтік желілердегі алдап – арбаулар жөнінде, радикалды көзқарас, жеке тұлғаны бақылап алу арқылы арбау, жасырын әрекет ету тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында слайдтар, видео роликтер қолданылды.





https://www.instagram.com/reel/DGAIGncsSIs/?igsh=ZXB4MWIzcjNybHFj

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі өрт кезінде адам өлімінің алдын – алу іс – шараларын жүргізу мақсатында өңірлік төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесе **«Бірыңғай өрт қауіпсіздігі күнін»** өткізу жоспарына сәйкес мектебімізде ата – аналар жиналысы өткізілді. Бүгінгі өткізілген «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында өткен жиналысымызда маңызды ақпараттармен бөлісілді. Шараға №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің қызметкері кіші сержант Жайлыбай Асылхан Азаматұлы қатысты. Ата – аналарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірумен қатар, үйде және мектепте өрттің алдын – алу үшін қандай шараларды қабылдау керектігін айтты.Өрт кезінде дұрыс әрекет ету, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай ақ өрт сөндіру құралдарын пайдалану бойынша нақты кеңестер берілді. Мамандар өрт шыққан жағдайда қандай қадамдар жасау қажеттігін, балаларды қалай қорғау керектігін түсіндіріп өтті.






https://www.instagram.com/p/DGDA95eMzsh/?igsh=MWpuMGs2amZ0cG56Yw==

Мектебімізде «Арлан» ұлдар клубының мүшелерімен «ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚҚА» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Бұл іс – шараның мақсаты – жасөспірімдерге есірткінің зияны мен қауіптілігі туралы нақты түсінің беру, оларды салауатты өмір салтына баулу және болашаққа дұрыс бағыт – бағдар көрсету; Кездесу барысында есірткіге тәуелділік пен оның адам денсаулығына, психологиясына, оьбасы мен қоғамға тигізер зиянды әсерлері кеңінен түсіндірілді. Жастарға заңсыз есірткі қолданудың құқықтық салдары және оның өмірге әкелетін кері әсерлері нақты мысалдар арқылы айтылды. Арлан клубының мүшелері өз ойларын ортаға салып, есірткіге қарсы күресте қандай қадамдар жасау керектігі жайлы пікір алмасты. Сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстанудың артықшылықтары мен спорттың, білімнің, еңбекқорлықтың жастардың болашағындағы рөлі ерекше атап өтілді.






https://www.instagram.com/p/DIf8_cSsICT/?igsh=b2VubHhvMWRkbWRm

2024 – 2025 оқу жылының 18 – наурыз күні мектебімізде 8-9 класс білім алушыларына «Жасөспірімдердің діни экстремизм мен терроризмге тартылуының және олардың әлеуметтенуінің алдын – алу» мақсатында директор орынбасары Б.Батыргалиев пен мектеп Парламент мүшелері «Діни экстремизмментерроризмнің алдын – алу шаралары» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





https://www.instagram.com/p/DHVodKnsQxs/?igsh=MWFlbDNqNWc0MHV0eQ==

2024 – 2025 оқу жылының 21 және 24 – сәуір күні Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 ҚПБ жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Алекенов Рауан Шимкентбайұлы мектеп білім алушыларына **«құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және болдырмау»** мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Түсіндірме жұмысы барысында «түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүру», «топтасып төбелесу», «тиым салынған заттар», «жолдағы қауіпсіздік» тақырыптарына тоқталып өтті.

  

https://www.instagram.com/p/DJjBVzlshrb/?igsh=MXd6aDZ5NnVxMjM3dA==

2024 – 2025 оқу жылының 23 – сәуір күні Ақтөбе қаласы «JAN AHUAL» психологиялық қолдау орталығы» КММ – нің педагог – психолог маманы Б.Б.Жиенбаева мектебіміздің 6 – 7 сынып білім алушылары арасында «БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ. КИБЕРБУЛЛИНГ» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмысы барысында оқушылармен түрлі тренингтер өткізіп, сұрақ – жауап арқылы пікір алмасты.

  

Мектебімізде 7 – 8 сынып білім алушылары арасында **«НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ»** тақырыбында түсіндірме жұмыстары.
**Іс – шараның басты мақсаты:** жасөспірімдерге есірткінің зияны мен оның адам өміріне, денсаулығына, отбасы мен қоғамға әкелетін ауыр салдары туралы терең түсінік беру;
Түсіндірме жұмысы барысында оқушыларға нашақорлықтың физикалық, психологиялық және әлеуметтік зияны нақты түсіндірілді. Мамандар бұл дерттің адам тағдырын қалай күйрететінін, денсаулықты қалай құртатынын және оның алдын – алу жолдарын айтып өтті.
Нашақорлық – тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Сондықтан да әр бір оқушы осы індеттің алдын – алуға, өз ортасын дұрыс таңдап, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға жауапты екенін ұғыну қажет.
Бұл түсіндірме жұмысы оқушылардың есірткіге қарсы иммунитетін қалыптастыруға, өмірлік ұстанымдарын нығайтуға және саналы таңдау жасауға бағытталады.

  

2024 – 2025 оқу жылының  02  – мамыр күні мектебіміздің 6 – 7 сынып білім алушыларына «құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және болдырмау» мақсатында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Түсіндірме жұмысы барысында:**

- ✓ Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау;
- ✓ Мектептің мүлікін бүлдірмеу, ластамау;
- ✓ Түнгі уақытта заңды өкілінсіз тұрғын үйден тыс жерде жүрмеу;
- ✓ Тыйым салынған заттарды ұстамау;
- ✓ Қала көшелерінде өсіп тұрған ағаш – гүлдерді жұлмау, бүлдірмеу;
- ✓ Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау: жолда жүру, су, өрт қауіпсіздіктері;







2024 – 2025 оқу жылының 06 – мамыр күні мектебімізде 7 мамыр ҚР қарулы күштерінің құрылған күні мен 9 мамыр Ұлы Отан соғысы жеңістің 80 жылдығына орай **«Ұранды елдің – ұрпағы қайсар»** атты әскери – спорттық ЕРЛІК сабағы 9 сынып білім алушылары арасында өткізілді.

**Кеш қонақтары:**

1. Дюсенбаев Толыбай Олжабаевич – Таулы Карабах ардагері, қоғам мүшесі;
2. Мырзахметов Бейбіт Толешұлы - «Ақтөбе облысының Таулы Карабах ардагерлері Одағы» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы;

**Сайыс кезеңдері:**Саптық тәсілдер мен оның элементтері.
Спорттық бөлімі

Сайыс жоғары деңгейде, ұйымшылдықпен өтті. Оқушылар өзара қолдау көрсетіп, шынайы жігер мен патриоттық рух танытты.







https://www.instagram.com/reel/DJWamBozVQE/?igsh=dm9yMnQ1YXYxdHJ5

«Құқықтық мәдениет» айлығы аясында 2024 – 2025 оқу жылының 16  – мамыр күні Ақтөбе қаласы Астана ауданы №2 КПБ жергілікті полиция қызметінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры А.Б.Дуюсов 8-9 сынып оқушыларымен кездесу өткізіп, **«жасөспірімдер құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын – алу және болдырмау»** тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Түсіндірме жұмысы барысында «түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүру», «топтасып төбелесу», «тиым салынған заттар», «жолдағы қауіпсіздік», нашақорлықтың алдын – алу, интернет алаяқтықтан сақ болу, жазғы демалыс кезінде қауіпсіз жүріс – тұрыс ережелерін сақтау жөнінде ақпараттарға тоқталып өтті.

Іс – шара барысында жасөспірімдерге нақты мысалдар келтіріліп, өмірлік маңызды кеңестер айтылды.





https://www.instagram.com/p/DJuDrnFzL9S/?igsh=MTc1MnkzYjRzOXo2cg==

***Құқықтық мәдениет – саналы ұрпақ кепілі.*** 16 мамыр күні «Құқықтық мәдениет» айлығы аясында мектеп мәжіліс залында 7 – 8 – 9  сынып оқушыларына арналған **«Резонанстық қылмыстық істер негізінде құқықтық сабақ»** атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.**Мақсаты:** Жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге баулу, құқықбұзушылықтың алдын – алу және болдырмау шаралары. Сонымен қатар құқықтық сабақ барысында оқушыларға басқа да мәселелер туралы айтылып өтті. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігі, басқа да келеңсіз жағдайлардан аулақ болып, құқықбұзушылыққа алып келетін әрекеттерден сақ болуларын ерекше атап өтілді.**Түсіндірме жұмысы барысында:** Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау;Мектептің мүлікін бүлдірмеу, ластамау;Түнгі уақытта заңды өкілінсіз тұрғын үйден тыс жерде жүрмеу;Тыйым салынған заттарды ұстамау;Қала көшелерінде өсіп тұрған ағаш – гүлдерді жұлмау, бүлдірмеу;Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау: жолда жүру, су, өрт қауіпсіздіктері;Осындай іс – шаралар оқушылардың заңға деген құрметін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталады.





https://www.instagram.com/p/DJuHS_Bsxwu/?igsh=b3lsajRlN2I3aGF0

**«ТҮНГІ РЕЙД»  кезекшілігі КТІЖ инспектормен бірге:**

2024 – 2025 оқу жылының 22 – қараша күні мектеп мұғалімдері учаскелік полициямен бірге «Құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау» мақсатында ТҮНГІ РЕЙДке шықты.
ТҮНГІ РЕЙДКЕ қатысқан мұғалімдер:

- ✓ Қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі Алпысбай Нұртілек;
- ✓ Дене шынықтыру пәні мұғалімі Ондасынов Азамат;

ТҮНГІ РЕЙД мақсаты:

- ➢ Оқушылардың кешкі уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ➢ Қоғамдық орындарда, көшеде жүріс – тұрыс ережелерін сақтауын қадағалау;
- ➢ Оқушылардың сабақтан тыс уақытта бос жүрмеуін бақылау;
- ➢ Құқықтық сауаттылықты түсіндіру және бос уақытты тиімді ұйымдастыруға бағыт беру.

ТҮНГІ РЕЙД барысында мектеп ауданындағы көп қабатты үйлердің аулалары, магазиндер, компьютерлік клубтар араланып, тексерілді.




https://www.instagram.com/p/DCtYl4As8HU/?igsh=dDBoMW0zemd0dnlp

2024 – 2025 оқу жылының 14 – ақпан күні мектеп мұғалімдері ерікті түрде учаскелік полициямен бірге «Құқықбұзушылықтың алдын алу және болдырмау» мақсатында ТҮНГІ РЕЙДке шықты.

ТҮНГІ РЕЙДКЕ қатысқан мұғалімдер:

- ✓ Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Батыргалиев;
- ✓ Дене шынықтыру пәні мұғалімі Ондасынов Азамат;
- ✓ Бастауыш сынып мұғалімі І.Бітімбаев

ТҮНГІ РЕЙД мақсаты:

- ➢ Оқушылардың кешкі уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ➢ Құқықбұзушылық пен келеңсіз жағдайлардың алдын алу;
- ➢ Қоғамдық орындарда, көшеде жүріс – тұрыс ережелерін сақтауын қадағалау;
- ➢ Оқушылардың сабақтан тыс уақытта бос жүрмеуін бақылау;
- ➢ Құқықтық сауаттылықты түсіндіру және бос уақытты тиімді ұйымдастыруға бағыт беру.

ТҮНГІ РЕЙД барысында мектеп ауданындағы компьютерлік клубтар араланып, тексерілді.






https://www.instagram.com/p/DGLIOybsWJJ/?igsh=MzdmcXU2czFpOWYz

**АТА – АНА КЕЗЕКШІЛІГІ**

**МАҚСАТЫ:** **1.** Мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым – қатынасын нығайту;
**2.** Бала қауіпсіздігінің маңыздылығын ұғындыру;
**3**. Бала тәрбиесінде әкенің рөлінің ерекше екенін түсіндіру.

2024 – 2025 оқу жылы барысында мектебімізде «Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын – алу мақсатында» ата – аналар кезекшілігі өткізілуде.






https://www.instagram.com/p/DCqkK6RM8Fp/?img_index=7&igsh=MXRwOHhvaHZibnZscA==












https://www.instagram.com/p/DCqkK6RM8Fp/?img_index=7&igsh=MXRwOHhvaHZibnZscA==














https://www.instagram.com/p/DIOTlR4MpSs/?igsh=ZWJ3azhsa2x4c294
https://www.instagram.com/p/DCqkK6RM8Fp/?img_index=7&igsh=MXRwOHhvaHZibnZscA==





https://www.instagram.com/p/DIOTlR4MpSs/?igsh=ZWJ3azhsa2x4c294

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жұмыс жоспарлы түрде жүзеге асырылды. 1-4 сынып ата-аналары үшін – 8 сабақ, 5-9 сынып ата-аналары үшін-8 сабақ, 10-11 сынып ата-аналары үшін - 8 сабақ өткізілді.Кейбір тақырыптық сабақтар «Сырласу шайы» ой бөлісу форматында қткізіліп, ата-аналар ризашылықтарын білдірді.11- қазан күні «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес « Сапалы ұйқы бала дамуы мен денсаулығының негізі » тақырыбында бастауыш сынып білім алушыларының ата-аналарына семинар – тренинг өткізілді. Сабақ барысында спикер Л. Қасымхан сапалы ұйқының бала өміріндегі маңызы мен алатын орны туралы айтты.




